

Бекітемін:
ИП «Байғонусова З.Я.»
«Al-Adil» бөбекжай-балабақшасы
Меңгеруші
Байғонусова З.Я.
«01» 09 2025 ж.



2025 - 2026 оқу жылына арналған
Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

№1 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: « 01 » 09 2025 ж.

Қатысқаны: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы.

Ата-аналар төлемақысы туралы.

2. Тәрбиешілерді топтарға бөлу туралы.

3. Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын нығайту, қимыл ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

1. Тыңдалды: Б/б меңгерушісі: Байгунусова Зухра Ядыгемовна сөз алды. Осы айда жалпы ата-аналар жиналысын өткізуіміз керек- деді. Жалпы ата-аналарды жинап, балабақшаның жылдық жоспары мен атқарылып жатқан іс шараларды таныстырып, ата-аналар комитетін сайлауымыз керек. Ата-аналардың келісімімен ата-аналар жарнасын түзіп, бір жүйеге келтіруіміз керек. Базардағы азық-түліктердің бағасына қарай, сапалы балалардың төлем ақысын анықтауымыз тиіс.

2. Тыңдалды: Рақыжанова А.А. тәрбиешілердің білім деңгейін анықтау мақсатында, түрлі тест сұрақтарын алды. Осының нәтижесінде, топ тәрбиешілері анықталды. меңгерушінің бұйрығымен осы топтарға бекітілді. Сонымен бірге, тәрбиешінің өз міндеттері мен құқықтарымен таныстырып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

3. Тыңдалды: Б/б меңгерушісі сөз алды. Ол өз сөзінде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл ойындарға қызығушылықтарын арттыру мәселесіне тоқталды. Физиологиялық дамуына, дене бітімінің жетілуіне арналған ойын түрлерін күнделікті ойын кездерінде орындау, жыл бойы балаларды шынықтырудың дұрыс тәсілдерін қолдану. Тәрбиешінің дыбыс беруі арқылы балаларды жылдам қозғалуға үйрету, дыбыс беру арқылы жылдам ажырата білуі және балаларды шапшаңдыққа үйрету. Балаларға белсенді қимыл-әрекеттерге қызығушылықтары артып, қимылды ойындардың, гигиеналық талаптардың ережелерін дұрыс пайдалану түсініктерін қалыптастыру мақсатында тәрбиешілер көп ізденсін, еңбектенсін.

Сөз алғандар: Б/б тәрбиешісі: Жумагелді А. сөз алды. Ойындар арқылы балалардың ептілік, сезімталдық, жылдамдық қасиеттерін дамыту. Үйлесімді әрекет етуге баулу, ойын ережесін дұрыс орындауға үйрету, кеңістікті бағдарлай білуге машықтандыру. Ойын барысында бірлесе жолдасына көмек көрсете әрекет етуге жаттықтыру әдістерін үйрету.

Шешімі:

1. Қимыл ойындарға қызығушылықтарын ояту, арттыру мақсатында тәрбиешілер іздену жұмыстарын жалғастырсын.
2. Тәрбиешілер бөлінген топтары бойынша тәрбиеленушілер мен ата-аналардың балабақшаға деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыру.

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



№2 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: « 13 » 10 2025 ж.

Қатысканы: Бадриса

Күн тәртібінде

1. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі.
5. Кіріс құжаттарды талқылау.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі: Байгонусова З.Я. сөз алды. Ол өз сөзінде оқу іс әрекеттерінде балалардың дамыту орталарында ұйымдастырылатын іс шаралар жайында сөз қозғады.

Мектепке дейінгі балалар ұйымының кәсіби күзіретті, 3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды оқыту мен тірбиелеудің қазіргі әдістемесін меңгерген, жаңашылдық мүмкіндікке ие, шығармашылығын, өзін әрдайым жетілдіріп отыратын педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру. Мәдени орындарға баруға балаларды тарту. Мәселен, кинотеатр, мега орталық, саябақ, мұражай. Жағымды эмоционалдық көңіл күй туғызатын қоршаған орта құру т.б балалардың жағдайын жасау іс әрекетіне көшуді, тәрбиешілерге айтып өтті.

2.Сөз алғандар: Б/б тәрбиешісі: Жұмагелді Арайлым сөз алды. Баланы қоғамдағы мәдениеттің әр түрін бейнелейтін ойындармен және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп жатырмыз. Жобаны аяқтауға қажетті ақпарат көздерін қолдануға және іздестіруге көмектесу. Түсінуді ары қарай жалғастыруға қажетті ақпаратты іздеуге жағдай тудыру, жаңа ақпаратқа неізделген әрекеттерді өзгертуге балаларды тарту.

3.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі: Балалар тілді өз пікірлерін, сезімдерін және басқа да ойларын білдіретін құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар басқада адамдармен, қатынас жасап, түсіну және түсіндіру құралы ретінде де қолданулары тиіс. Ата аналар, тәрбиеші және оқытушылар кішкентай бала тілін қалыптастыруда және сауаттылығын дамытуда басты рөл атқарады. Сондықтан да, балалардың тілін дамыту барысында тәрбиешілер күнделікті іздену жұмыстарын басшылыққа алуларың керек - деп сөзін аяқтады.

4.Сөз алғандар: әдіскер Құлқаева Е.П. сөз алды. Бала өз тілінде жануарлардың және олардың төлдерінің атауларын (қой-қойлар, қошақан-қошақандар) білдіретін зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сонымен бірге таныс заттар мен ойыншықтарды барыс септігінде көпше түрде қолдануы үшін ойын жағдайларын құру. Балалардың өз жауаптарында

дұрыс грамматикалық құрылымдар жасап, жаттыға отырып, күн бойында баланы әңгімеге тарту. Баланы жаңа материалдармен және объектілермен таныстырғанда, аттарын атап, мағынасын түсіндіру қажет. Ойында, тұрмыста заттардың бөліктерін, сапасы мен қасиеттерін дұрыс атауға және ажыратуға үйрету.


5.Тыңдалды: Есепші тарапынан Кіріс құжаттарын орындау мәселесі сөз болды. Аудандық білім бөлімінен келіп жатқан құжаттар өз уақытында, өз дәрежесінде орындалып жатыр. Дайын болған құжаттар тиісті жеріне өз мерзімде тапсырылып отырғанын мәлімдеді.

Шешімі:

1. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейіне материалдар жинақталсын.
2. Балаларды дамыту әрекетін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы: Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Мерзімі: « 04 » 11 2025 ж.

Қатысканы: В. Арап

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану.
4. Баланы өзіне өзі қызмет көрсетуді үйрету.

1.Тыңдалды: Б/б менгерушісі: Байгонусова З.Я. сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайында сөз болды. Балалардың тілін дамыту жұмыстарына материалдар жинақталуын тәрбиешілерден сұрап, тексеріп шықты.

Таңертеңгі жаттығулардың өтілу деңгейіне тоқталды. Қоғамдық тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланың дене бітімін тәрбиелеу ерекше орын алады. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің қызметін жетілдіру, мұның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Қазақи ұлттық дәстүрімізге сай көріктілігін, ептілігін, сегіз қырлы бір сырлы жан жақты ұлттық қасиетін танып білуді бала бойына қалыптастыру сәби кезінен табылады. Балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және де ненің икемділік, шапшаңдық күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Сөз алғандар. Медбике Берсимбаева Ш.У. сөз алды. Таңертеңгі жаттығулар арнайы жүйемен орындалады. Жаттығуларды орындау үшін сәби жасындағы балаларды шеңбер бойынша тұрғызу қолайлырақ. Орында латын әрбір жаттығуды төрт бес рет қайталауға болады. Жаттығуларды орындау алдында балалардың денесінің икемділігін дайындау үшін шеңбер бойлап түрлі қалыпта жүру, жүгіру жаттығулары орындалады.

4.Тыңдалды. Б/б тәрбиешісі: Жумагельдиева М. сөз алды. Баланы өз өзіне қызмет көрсетуді үйрету мәселесіне тоқталды. Тәрбиеші бұл жастағы балаларға үнемі тамақтану алдында баланың қолын жуу, бір жастан бастап бір жас үш айға дейін қасықпен қою тамақты, ал бір жас алты айдан бастап кез келген бетімен іше білуге үйретеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балаларды тек өз ыдысынан ғана ішуге, нанды сорпа ішу кезінде бірге жеуге, балаларға арналған орындыққа ересектер үстелге жақындатқаннан кейін өз бетімен отыруға, тамақтанып болған соң ересектердің айтуымен өз орындығын орнына итеріп қоюға үйретеді.

Сөз алғандар. Тәрбиеші: Валиулина Ж. сөз алды. Балалардың өз бетінше жұмыс жасауына, қызмет етуіне жағдай жасап жатырмыз. Балалардың қолдарын өз бетімен жуынып, киімін киюін және шешінуін, бәтенкесінің

бауын байлауын, киімінің түймесін ағытуын ,бас киімін шешуін мадақтау.
Барлық кір ,лас нәрсеге жағымсыз қарым-қатынасты тәрбиелеу : бет аузының
кіріне назар аударуға, жуынуға ,сүртінуге , су болған киімдерін шешуді
сұрауға үйрету.

Шешімі:

1. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды жоспарлау жүзеге асырылсын.
2. Баланы өзіне өзі қызмет көрсету жұмыстары қолға алынсын.

Б/б меңгерушісі:



З. Байгонусова

Хатшы:



Меңгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы

Мерзімі: 30. 12.2025ж

Қатысқандар: *Бағдат*

Күн тәртібінде

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл мерекелерінің қорытындысы туралы.
3. Қорытынды тексеру.Жарты жылдық есеп.
4. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі: Байгонузова З.Я.сөз алды. Ол өз сөзінде Тәуелсіздік күні қарсаңында тәрбиешілер тәрбие сағатына жақсы дайындалған.

Балалар өздерінің тақпақ,өлеңдерін айтып, Ләззат, Қайрат аға-әпкелері секілді бойларын тік ұстап,көріністер құрып берді. Жаңа жыл мерекесі ертеңгілік болып өтті.Топ іші мерекеге сай безендірілген. Балалар мерекелік киім киген.Топқа Аяз ата мен Ақшақар кіріп келіп балалардың өнерін тамашалады , балалардан өлеңдерін, тақпақтарын тындап керемет көңіл күй сыйлады. Мерекелік ертеңгілікте кемшіліктер болмады емес, болды. Кейбір балалардан өлең тақпақтарын дұрыс жаттамаған, соған назар аудару керектігі ескерілді.

Топтар іші мерекеге сай безендірілген. Ересек балалар тақпақтарын жақсы айтып шықты.Кемшіліктерде болды.Балалардың біреуінің аяқ киімі бар болса,біреуі жоқ байқалды

4.Тыңдалды:Түрлі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: сөз алды. Ол өз сөзінде балаладың ұйықтар алдында киетін киімдерін, және топқа киетін аяқ киімдерін толық алдыру керектігін айтты.

Шешім:

- 1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. «Жаңа жыл» ертеңгілік мерекеге 2 топқада 4(жақсы! Деген баға қойылсын.
- 3.Қорытынды тексеру есеп берілді.

Кеңес төрайымы:Б/б меңгерушісі: *З.Я.*

Хатшы: *А.С.*

№5 Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Мерзімі: 16 қаңтар 2026ж

Қатысқаны: 5 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы .
2. Оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі.

1.Тыңдалды. Б\б меңгерушісі З. Байгонусова сөз алды. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жайында сөз қозғады.

Ол бақшаның оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне тоқталды. Аудан бөлімінен арнайы бұйрық шығарылып, бір жылдық мәлімет, балалардың мониторингі мен тәрбиешілердің мониторингін бағалап білім бөліміне тапсыруымыз керек. Топ тәрбиешілері анықталған тәрбиеленушілердің мониторингі жайлы есепті беріндер деді. Тәрбиешілерге келсек тәрбиешінің мониторингі орта деңгейді көрсетіп отыр екен. Тәрбиешілер өз білімін жетілдіру мақсатында көп жетістіктерге іздену арқылы жетеді. Сондықтан ізденіндер, оқындар деді.

5. Тыңдалды.Б\б меңгерушісі сөз алды. Ауданнан, білім бөлімінен келген бұйрық хаттар бар. Мысалы:жылдық мәліметті тапсыру барысында бұйрық келді.Осындай бұйрықтарды өз кезегінде,уақытылы орындап тапсыруымыз кажет деді.

Шешімі :

1. Балабақшада оқу бағдарламасының меңгеру деңгейі қолға алынсын.
2. Кіріс құжаттары өз кезегінде,уақытылы орындалсын.

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



№6 Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Мерзімі: ақпан 2026 ж

Қатысқаны: 6 адам

Күн тәртібінде:

1. Жалпы ата аналар жиналысына дайындық туралы.
2. Құқықтық оқытуды ұйымдастыру.

Тыңдалды. Б\б меңгерушісі З. Байгонусова сөз алды.

Ол екінші жартыжылдықта жалпы ата аналар жиналысының өтілуіне байланысты дайындық жұмыстарына тоқталды. Осы айдың аяғына дейін жалпы ата аналар жиналысы өтілуі тиіс. Екі топтың да ата аналары шақырылуы керек. Ата аналарды шақыруымыздың себебі недеп тәрбиешілерге сұрақ қойды. Ондағы мақсатымыз ата аналарды жалпы оқу жылының мақсаты мен міндеттерімен таныстырып, балабақшамен біріккен жұмыстарын жоспарлау, талқылау.

Сөз алғандар. Б\б мейірбикесі Рахимкулова У сөз алды. Бұл жиналысқа мен «Дені саудың жаны сау» деп аталатын баяндама дайындап келемін деді. Осы ата аналар жиналысының өтілуіне бәріміз ат салысайық. Ата аналармен жылы қарым қатынас орнатып, тығыз байланыста болуымыз керек. Ата аналардың өзінің топ ішіне араласуын педагог қалап тұрғандықтан емес, өз баласының дамуы үшін маңызды екенін жете түсіндіруіміз керек деді.


3. Тыңдалды. Б\б әдіскері Құлқаева Е.П. сөз алды. Ол өз сөзінде құқықтық оқытуды ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Бір айда бір рет құқықтық оқытуды жүргізуіңіз керек. Әр айда бір рет өтілетін тақырыптарға тәрбиешілерді, мейірбикені, әдіскерді жүктеймін. Құқықтық оқытудың хаттамасы, баяндамасы папкада жинақталады. Оған әдіскер жауапты болады деді. Түзілген іс шаралар тақтаға іліп қоямыз. Жауаптылар дүйсенбіде өз тақырыптарына дайын болулары тиіс. Яғни, сол тақырыпта баяндамаларын оқиды. Оқ баяндамасын әдіскерге тапсырып отырсын деді.

Шешімі :

1. Жалпы ата аналар жиналысының өтілуіне ұжым болып ат салыссын.
2. Құқықтық оқытуды ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде қызметкерлер Қ.Р заңнамаларынан хабардар жүрсін.

Төрайымы: Б\б меңгерушісі:

Хатшы:



№ 7 Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Мерзімі: « 02 » наурыз 2026 ж.
Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. 8-22 наурыз мерекелерінің сценарийін бекіту.
3. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің ойын әрекеті.
5. Серуен. Бағдаршамға.

1. **Тыңдалды.** Б/б меңгерушісі Байгонусова З.Я сөз алды. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жайында сөз қозғады. Тәрбиешілер өз топтарында жеке тұлғаны дамыту мақсатында ойынның түрлерін жинақтап, өз тәрбиешілерімен алмасу іс әрекеттері жайында есеп берді. Әр жұмыс нәтижесі болу үшін осылай жақсы жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асатындығын меңгеруші тәрбиешілерге байыппен түсіндіріп өтті.

2. **Тыңдалды.** Б/б меңгерушісі сөз алды. Құрметті балабақша ұжымы көктем мерекесі құтты болсын, деп ұжымды құттықтады. Алда мерекелер көп, солардың бірі бақида аталып өтілуі тиіс 8-22 наурыз мейрамы. Бұл мейрамдарды ертеңгілік ретінде өткізу керек. Оны жылда өтесіздер. 8 наурыз мерекесінде ата аналарды толық шақырып, аналарына деген баланың өз қолынан шыққан еңбектерін ұсынып, ата аналар ризашылығына бөленулеріңіз керек деді. Ал 22 наурыз мейрамына бірай боп тұр. Сырттан қонақтар шақырайық деді. Сөз алғандар. Тәрбиеші Валиулина Ж сөз алды. Шыны мен де апайымыздың айтқаны дұрыс. Ата аналарды қонақтарды шақыртып, 22 наурыз «Ұлыстың ұлы» күніне арналған 3с шараны ұжым болып жоғары деңгейде атқарамыз деді.


3. **Тыңдалды.** тәрбиеші Жумагельдиева М.Б. сөз алды. Тәрбиешімен бірлескен ойында баланың ойын әрекеттерін қалыптастыру, оларды қарапайым сюжеттерге біріктіруге үйрету. Рольдік ойында баланың мінез құлық мәдениетінің қарапайым түрлерін қалыптастыру, белгілі рольге сай әрекет жасауға талпындыру. Баланың жас ерекшелігіне сай келетін ойыншықтар, атрибуттар ұсына отырып екі үш бөлімдік ойын әрекеттерін қалыптастыру. Әрекетті ойыншықтың бірінен екіншісіне ауысып, ойында 2-3 бір ізді эпизодты орындауға үйретуді жалғастыру. Ойынға ойыншықтар мен атрибуттар тандап алуға, ойыншықты өзімен бірге ойнайтын серіктесі ретінде қолдануға үйрету. Баланың бастамасы бұша туындаған ойынды қолдау. Ойында орынбасар заттар қолдануға, бірлесіп, бірігіп ойнауға ынталандыру.

5. **Тыңдалды.** Б/б меңгерушісі сөз алды. Балалардың айында серуенге шығу жоспарда шығу жоспарланған. Осы айда топ өз ұжымымен бірлесіп отырып, бағдаршамға серуенге дайындық жұмыстарын жүргізуі тиіс. Алдын ала жол қауіпсіздігі туралы арнайы сабақтар өтіліп, дайындықпен ұйымдастырылуы тиіс деді.

Шешімі:

1. 8-22 наурыз өз деңгейінде өтілсін.
2. Ойынның түрлері жүзеге асырылсын.

Б/б меңгерушісі:
Хатшы:



№ 8 Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Мерзімі: 10 сәуір 2026

Қатысқаны: 8

Күн тәртібінде:

1. Баланың тілдік, дыбыстық мәдениетін, сөздік қорын дамытудың әдіс тәсілдерін үйрету.
2. Оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі.
3. Көгалдандыру мәселесі.

1. Тыңдалды. Тәрбиеші Жумагельдиева М. сөз алды.

Баланың сөздік қорын, тілдік дыбыстық мәнерін қалыптастыру мәселесіне тоқталды. Негізгі тілдің қабілетін дамыту өз ана тілінде еркін және дұрыс сөйлеуге үйрету және көркем шығармаға қызығушылығын арттыру. Оқылған шығарманың мазмұнын түсініп, қуанышқа бөленіп, оқиғаны талдауға, оны сахналауға ынтасын ояту жұмысын жасатып жатырмыз деді.

Сөз алғандар. Б/б әдіскері Е. Құлқаева сөз алды. іс жүзінде орындалуын қадағалаңдар деп ұсынысын білдірді.


4. Тыңдалды. Б/б меңгерушісі сөз алды. Көгалдандыру мәселесіне тоқталды. Көктем де келді. Жан жақты тазалап, айналаны жасыл желекке айналдыруымыз керек. Бұған тікелей шаруа меңгерушісі өз жауапкершілігі мен қарауы тиіс. Кем дегенде елу түп ағаш отырғызылуы керек. Айналаны, талдардың түптерін әктеп сырлап қоюымыз керек. Бұның да мәліметі білім бөліміне тапсырылады деді.

Шешімі :

1. Тілдік, дыбыстық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары қолға алынсын.
3. Оқу бағдарламасының деңгейінің жоғары дәрежеде көрсеткішке ие болуын тәрбиешілер іске асырсын.
4. Көгалдандыру мәселесіне ұжым болып атсалыссын.

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Мерзімі: мамыр 2026 ж

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Бала денсаулығын нығайту. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу
3. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.

1. Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны жөнінде балабақша меңгерушісі: 3. Байгонусова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалғанын «өнерлі қолдар» көрмесі бойынша тастанды заттардан қол өнер көрмесі болды, техника өрт қауіпсіздігі балаларға, тәрбиеші және басқада қызметкерлерге ескеріліп айтылып келе жатыр, - деді.

2. Тыңдалды: «Бала денсаулығын нығайту» Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу мәселесі бойынша медбике: Рахимкулова У, сөз алды. Ол өз сөзінде Мектепке дейінгі мекемеде балалардың денсаулығын нығайту сәби жастан басталуы керек. Бұл үшін сабақта, ойын барысында, күнделікті өмірде балаға жеткізе білу керек. Адам бала кезінен бастап өз ісіне жауаптылық, қалыптасу деген ұғымға жауапкершілікпен қарайды. Егер бала бұл процесте енжарлы болса оның қалыптасуы мен денсаулығы да өзгереді. Сондықтан кіші жастан бастап денсаулықты сақтау және оның жүйелілігіне қызығушылық туғызу қажет. Бірақ бала денсаулығын нығайту үшін ұмтылмайды. Ол үшін жеке тұлғаға тиісті белгілі бір жасына сәйкес өзін-өзі дамыту және өзін-өзі сақтау технология қалыптастыру қажет. Ол күнделікті біздің таңғы гимнастика, сергіту сәттері, қимылды ойындар, серуен. Денсаулықты сақтау оқыту процесі бала дамуына белсенді қозғалысқа, қуатты ынталандыру, ақыл-ой және эмоционалдық белсенді, болып табылады. Нақтырақ тоқталсақ денсаулыққа ынталандыру, дені сау өмір әрекетіне қамтамасыз ету дағдылары мен іскерлігін қалыптастыруға баланы дене тәрбиеге деген қызығушылықтар пйда болады. Жаз мезгілінде балалар гигиеналық тазалықтарды сақтамағаннан және жуылмай жеген жемістерден көптеген аурулар тарайды. Сондықтан балаларға қолын жуып жеу керектігін үнемі ескеріп отыру қажет.

3. Тыңдалды: Жазғы жөндеу жұмыстары туралы балабақша меңгерушісі: сөз алды. Ол өз сөзінде жазғы жөндеу жұмыстарының жүргізілуі туралы айтты. Барлық бөлмелерді әктеп-сырлап және медициналық бөлмелерді асхана құрылысының жұмысын бітіру керектігін жеткізді. Қосымша бөлмелер салу жоспары бар екендігі, сонымен қоса балалардың ойын алаңын жақсарту туралы түсіндірді. Осы жұмыстардың жүргізілуін қадағалауды және ұйымдастыруды шаруашылық меңгерушісіне жүктелді. Жөндеу жұмыстарын тез арада қолға алулары керек екендігін айтты.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалды.
2. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту жұмысы қолға алынсын.
3. Жазғы жөндеу жұмыстары мерзімінде орындалсын.

Б/б меңгерушісі



З. Байгонусова

Хатшы:

